



# Ақмешіт

29 қараша  
сейсенбі  
№95 (1899)  
2022 ЖЫЛ

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі

Құрметті Отандастар!  
Ханымдар мен мырзалар!  
Қадірлі қонақтар!

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ өткен референдум тың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізуіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына кәміл сенемін.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттық белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей аламыз.

Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарына – бағасы, алдағы жоспарына – батасы деп қабылдаймын.

2 БЕТТЕ

# ҰЛЫҚТАУ САЛТАНАТЫ

26 қараша күні Астана қаласындағы «Тәуелсіздік» сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті



Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы «Тәуелсіздік» сарайының Үлкен залына әкелінген соң Қазақстан Республикасының Президенті келіп, мінберге көтерілді.

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа ант берді:

«Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!».

Сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша отандасына алғыс айтты.

– Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарына – бағасы, алдағы жоспарына – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақ

«аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыз сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдағы қызметінің бірқатар негізгі бағытын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту,

сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыра беретінін жеткізді. Саяси жаңғыру үдерісі жоспарлы түрде жалғасады.

Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, саяси партиялардың басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

### ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

Өткен аптадан бастап қала әкімі Асылбек Шәменовтің ауыл және кент тұрғындарымен есепті кездесуі өтуде. Атқарылған жұмыстар мен болашақ жоспарды халыққа таныстырып, көптің сауалына жауап беретін жиын Президент Жарлығына сәйкес ұйымдастырылуда. Кездесуде қала басшысы ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жұмыстарға көз жүгіртіп, алдағы уақытта жүзеге асатын жайын айтты. Қала әкімі Асылбек Шәменов ауыл тұрғындарына да қаладағыдай жағдай жасалынатынын жеткізді. Яғни ауылдықтар қаладағыдай күй кешетін де күн жақын.

### ҚЫЗЫЛӨЗЕК: АУҚЫМДЫ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ



Қала әкімі Асылбек Шәменов Қызылөзек ауылдық округіне барып, елді мекеннің тыныс-тіршілігін көріп, тұрғындармен кездесті. Онда шаһар басшысы халықты мазалап жүрген сауалдарға жауап берді.

Қызылөзек әлеуметтік-экономикалық жағынан тұрақты дамып келеді. Тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі тузу, қоғамдық-саяси ахуал тұрақты.

Тұрғындардың сөзіне сүйенсек, ауыз су мен электр энергиясын жеткізуде айтарлықтай мәселе жоқ. Яғни мұнда кез келген мәселе ретімен шешімін тауып келеді.

– Биыл ауылдарға ерекше көңіл бөлінді. Тұрғындардың талап-тілегіне сәйкес қажетті шаралардың барлығы атқарылды. Бұл жұмыстар мұнымен тоқтап қалмайды. Желел әрі жүйелі істің нәтижесінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы алдағы жылға республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлінгені отыр. Ауылдардың дамуына барынша көңіл аударамыз, – деді қала әкімі.

Кездесуде тұрғындар қала әкімінен ауылға сапалы электр желісін жүргізуді сұрады. Алдағы уақытта электр желілері жүргізіледі. Сонымен қатар бірнеше көше жөнделіп, жарықтандырылады.

3 БЕТТЕ

### АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...



## АҚСАУСАҚ БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Дана халқымыз ежелден бала тәрбиесіне, ақыл-ойының жетілуіне, адами мінез-құлықтарының қалыптасуына ерекше көңіл бөлген. Балаларға жастайынан жол көрсетіп, тәрбиесіне назар аударған. Бала тәрбиесінің бір бөлшегі – оны еңбекке баулу. Ал қазіргі уақытта ақсауақ бала көбейіп барады. Себебі не? Кінәлі кім?

Баланы өмірге бейімдеуде, мінез-құлқы мен өзіндік көзқарасын азаматтық ұстанымын қалыптастыруда ата-ананың, ортаның, мектептің орны бөлек, рөлі өлшеусіз. Бұрын баланы еңбекке мектептен баулитын. Оқушы кезімізде кезекшілікпен келіп, сыныпты тазалап, еденді жуатынынбыз. Еңбекке баулу сабақтарында тігін тігіп, ас пісіруді үйрететін. Ал ер балалар ағаштан түрлі бұйымдар жасайтын. Қазір ше?

Бүгінде бір шеге қаға алмайтын, не даланың не қаланың жұмысына жоқ ақсауақ балалар өсіп келеді. Бас-сирақ үйітпек түгілі, табак жасауды, отын жаруды білмейтін жігіттер қаптап жүр. Бұл – бүгінгі күннің мәселесі.

### ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП



## ОҢАЙ ЖЕРДЕ АҚША ЖОҚ

### немесе алаяқтар қалай алдайды?

Бүгінде алаяқтың түр-түрі көп. Мұны күнделікті өмірде естіп те жүрміз. «Жақынымның суретін қойып, тез ақша аудар деген соң...», «Акция деген соң, қайдан білейін», «банктен деп-хабарласып, аты-жөнімді айтып тұрған соң» деген секілді қалтасындағы қаржысынан қағылып, жылдарман күйге түскен елдің шағымы жетерлік.

Көнегі алаяқтардың қулығына құрық бойламайтыны шындық. Өзгені алдап, ақша табуды кәсіп еткендер қулықтың түр-түрін ойлап табатынын күнделікті өмірде байқалып та жүр. Оның үстіне цифрлы әлемде өзіміз туралы деректі қайдан алды деп таңғалудың да қажеті жоқ.

Бүгінде кеңінен тараған алаяқтықтың бір түрі – қаржы пирамдалары. «мынша ақша салсақ, мың есе көбейтін қайтарып аласың» деген сөзге қалай еріп кеткенін білмей алданып қалып, артынан сан соғып жатқандар аз емес. Бір қызығы, елді алдап соғатын қаржы пирамдаларының бірі жоғалса, тағы

бір жаңа түрі пайда болып жататыны жасырын емес. Тағы бір айта кетерлігі, көп жағдайда, қаржы пирамдаларының түбін зерттей келгенде оның артында шетелдіктер тұрғаны анықталған. Мәселен, «B2B Jewellry» зергерлік дүкендер желісінің атын жамылған қаржы пирамдасының артында ресейліктердің тұрғаны анықталды. Ал Ватсап арқылы чат ашып, жүргізетін алаяқтықтың шек жоқ, жеке адамдар да ашып жатыр.

Заңсыз қаржы пирамдаларына алданып қалған адамдар түрлі себеппен арызданудан, тергеуге келіп жауап беруден бас тартады. Ал пирамида дегеніңіз бұл тізбек! Тізбек үзілген соң әрі қарай тергеу әрекеттерін жүргізу қиындай түседі. Мысалы, 2020 жылы Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті «B2B Jewellry» зергерлік дүкендер желісінің атын жамылған қаржы пирамдасының қызметін ұйымдастыруға қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастады. Бұл пирамидаға қаржысын салған 150-ге тарта қызылордалық салымшы анықталды.

3 БЕТТЕ

ҚАЛАДАҒЫДАЙ КҮЙ КЕШЕТІН КҮН ЖАҚЫН

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі

Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазақ «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыз сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті. Осы ретте мені президенттікке ортақ кандидат ретінде ұсынған халық коалициясы мүшелеріне рахметімді айтқым келеді.

Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазақ «Байлық не керек, адалдан жамасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым.

Мен бүгін көк туды сүйіп, дана халқымыздың алдында бас иідім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Еліміздің арман-мұратына өмір-бақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мұлткіз орындаймын. Халқымыздың алдындағы осы анттың алдағы қызметіме Мен үшін айнымас темірқазық болады.

## Құрметті отандастар!

Өткен Президент сайлауы нағыз патриоттық шара болды. Сайлау азаматтарымыздың ел тағдырына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Бұл әділдік идеясының және халықтың ерік-жігерінің салтанат құрғанын, елімізді жан-жақты жаңғырту үдерісі басталғанын білдіреді.

**Көк байрағымыз, төлқұжатымыз және мемлекеттік тіліміз біздің біртұтас халық екенімізді білдіреді. Бабаларымыз біртұтас ел болып, Еуразия төрінде дақты шежіресін ат тұяғымен жазған Алтын орда мен Қазақ хандығы сияқты мемлекеттер құрған. Сондай-ақ халқымыз ел басына күн туған күрделі сәттерде азаттығы үшін арпалысты. Әйгілі хандарымыздың, батырларымыздың және ұлт қайраткерлерінің ерлігі – осының айқын көрінісі.**

Сайлау Қазақстандағы электоралды процестің ашықтығы мен әділдігін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ біздің қоғамның саяси мәдениеті мен кемелдік дәрежесі жоғары екенін танытты. Халық сайлау учаскелерінде алдағы жеті жылға арналған мемлекетті дамыту бағдарламасына оң баға берді. Маған сенім артқан барша отандасым шексіз ризашылығымды білдіремін. Президент лауазымында елімізге адал қызмет етуге дайынмын. Бұл – зор абырой әрі үлкен жауапкершілік. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Алдағы жеті жылда халықтың зор сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Енді біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру. Қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, кәсіпкерлік тәуелсіздігімізді нығайтамыз.

Қазір біз осы қиын-қыстау жолдың басында тұрмыз. Алдымызда атқаратын жұмыс көп. Әрбір азамат елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты – білім беру ісінен бастап индустрияландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайды.

Басты міндет – іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою. Кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін сепсіз тексерулерді біржолата ұмытуы қажет. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп береді. Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

Біз ауқымды индустрияландыруды, инфрақұрылымдарды салуды және жаңғыртуды қолға аламыз. Кең байтақ еліміздің әр өні-



рінің дамуына тың серпін беру маңызды. Шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Сондықтан заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты. Барлық мәселе, әсіресе түйткілді және даулы проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуі тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді.

Біз «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын қатаң сақтауымыз керек. Біз «бірлігіміз – әралуандықта» формуласында көрініс тапқан халқымыздың тарихи жетістіктерін жан-жақты еселеуге тиіспіз. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түптеп келгенде, мемлекетімізге қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады.

Біз халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құруға міндеттіміз. Бұл – маңызды тарихи міндет. Мемлекеттік қызметке

тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Осыған байланысты арнайы Жарлыққа қол қоямын. Бұл Жарлық нақты іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаның мұлткіз орындалуын жеке бақылауыма аламын.

Қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны босқа салмай, бірден іске кірісуіміз керек, сенсусуға болмайды. Осы орайда ең алдымен, қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Мен сайлауды сөздеріме ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарту алғашқы – бізге берілген тапсырма. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Сонымен қатар заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға

**Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Әсіресе ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсуіміз қажет. Олар еліміздегі ең сыйлы азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз.**

нақты сектордан меритократия және ашық бәсекелестік қағидаттарына сай іріктеуден өткен жаңа басқарушы азаматтарды аламыз. Президенттік кадр резервінің мүшелерін белсенді түрде тартамыз.

Біздің басты байлағымыз – адам. Сондықтан азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыруды жалғастырады. Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік мәселелері басты назарда болады. АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен, Азия, Таяу Шығыс және Кавказ мемлекеттерімен, сондай-ақ басқа мүдделі елдердің барлығымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Қазақстан қазіргі халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысын берік ұстанатын ел болып қала береді.

## Қымбатты отандастар!

Біз әділетті мемлекет, әділетті экономика және әділетті қоғам құрамыз. Осы қағидаттар менің сайлау алдындағы тұғырнамамда нақты көрініс тапты. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауды бағдарламам – бұл ұзақ ой-толғау мен ізденістің нәтижесі. Тіпті, жүрегімнен шықты десем, артық айтқандық емес. Халықтың бастамаларға қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отырғанын білемін. Тұғырнаманың әрбір

– оны толыққанды трансформациялау. Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтамын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл – жеңіл жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін.

Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Оларға қолдау көрсетеміз, ал қоғам құрметін білдіреді. Халқымыздың нақыл сөзін сәл түрлендіріп айтсақ: «Байлық пен мансап – қолға ұстаған Алтын, ериді де кетеді. Ал елге жасаған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан ұрпаққа жетеді». Осыны әр азамат түсінуі керек.

Ел мүддесі – бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұмысын адал атқаруды талап етемін. Бір сөзбен айтсақ, кәсібилік, адалдық және қарапайымдылық біздің басты қағидаттарымыз болуға тиіс. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтырып, жақсы қасиеттерге ие бола алмасақ, реформаның бәрі бекер.



Көк байрағымыз, төлқұжатымыз және мемлекеттік тіліміз біздің біртұтас халық екенімізді білдіреді. Бабаларымыз біртұтас ел болып, Еуразия төрінде дақты шежіресін ат тұяғымен жазған Алтын орда мен Қазақ хандығы сияқты мемлекеттер құрған. Сондай-ақ халқымыз ел басына күн туған күрделі сәттерде азаттығы үшін арпалысты. Әйгілі хандарымыздың, батырларымыздың және ұлт қайраткерлерінің ерлігі – осының айқын көрінісі.

Ұлттың бостандық жолындағы табанды күресінің арқасында Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Егемен мемлекеттің құрылуына, оның іргесін бекіту жолында орасан зор еңбек сіңірген тарихи тұлғаларымызға әділ баға беруіміз керек.

Табыстарды және оқалықтарды ажырататын бұл – уақыт және тарих. Уақыт – ең әділ қазы, ал тарих – бәріне таразы. Сондықтан саяси науқашылдыққа жол бермеуіміз қажет. Біз болашақта әділетті мемлекет боламыз десек, өткенге әділдікпен қарап, одан тағылым ала

аналарымыздың дастарханы ас-ауқатқа толы болуы үшін ауылда таңмен таласа оянады. Біздің батырлар – өзінің жеке кәсібін бастайтын, жұмыс орындарын ашатын, қызметкерлері мен олардың отбасыларына жаңа мүмкіндіктер тудыратын кәсіпкерлер. Біздің батырлар – өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесі мен білімін, мүлкі мен қаражатын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы – халықтың мақтанышы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі.

Біз өркеніеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгеге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді.

Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бәріміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені өскелең ұрпақ қана елімізді

**Біз өркеніеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгеге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді.**

**Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау – біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.**

білуіміз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жірену – өсетін елдің белгісі. Отаншылдық, еңбекқорлық, білімпаздық, жаңашылдық, жасампаздық, жанашырлық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді бойға сіңіруіміз қажет. Мен бұл туралы жиі айтып жүрмін.

Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Әсіресе ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсуіміз қажет. Олар еліміздегі ең сыйлы азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз.

Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің аразымыз. Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы менгереді. Нағыз батырлар балаларымыз бен қарт ата-

жарқын болашаққа бастайды. Бірақ жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осылай өмір сүрген адам ешқашан, ештендең ұтылмайды.

Қазіргі заман уақытты жылдамдатып, оқиғалар тізбегін қабаттастырады. Сөзіміз тез ісіміздің шынайы бағасын тарих таразысы ғана береді. Ар-ұжданымыздың тазалығы мен халқымыздың құрметі – бәріміз үшін үлкен сый.

Біз – рухани мұрасы бай, қарқынды даму әлеуеті зор, қуатты әрі өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын ұлтпыз. Шығыстың ұлы ұстазы Әл-Фараби адамдарды әділ болуға, ақиқатты сүйеге, ар-намысты кастерлеуге, сабырлы болуға және қашан да білімге ұмтылуға үндеді. Мемлекеттілігіміздің дамуында қуатты серпіліс жасай алған ұрпақ ретінде тарихта қалуға зор мүмкіндігіміз бар екеніне сенімдімін. Елдің келешегі бізге, барлығымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау – біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.

Мен бүгін халқымыздың алдында тұрып, бастаған ісіміз берекелі болсын деп тілеймін.

Қазақ – ырымшыл халық. Мен биыл қасиетті Меккеге барған кезде Қағба төрінде ата-баба рухына құран бағыштап, Алладан бір-ақ нәрсе сұрадым. Ол – елдің амандығы. Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекеттігіміз мәңгі болады. Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Ашығын айтқанда, қызмет – уақытша, ал халық – мәңгі.

Мен президенттік миссиямды халқымен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір! Сондықтан әрқашан бірге болайық, ағайын!

Еліміз өркендей берсін!  
Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасасын!

Халқымыз жасасын!  
Халқымыз орқашан аман болсын!  
Тәуелсіз Қазақстанымыз жасасын!

ҚАЛАДАҒЫДАЙ КҮЙ КЕШЕТІН КҮН ЖАҚЫН

**ТАЛСУАТ: 150 ОРЫНДЫҚ КЛУБ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ**

Қала әкімінің кезекті кездесуі Талсуат ауылдық округінде жалғасты. Тұрғындар бүгінгі кездесуді асыға күткен. Өйткені ауылдағы мәселені айтып, оның нәтижесін шығаруға бірден-бір мүмкіндік. Жиында тұрғындар көкейде жүрген сауалын қойып, шаһар басшысына нақты мәселелер бойынша уәжин айтып.

Талсуатта игі істер жасалып, жақсы бастамалар қолға алынған. Күннен-күнге елді мекен көркейіп келеді. Ауыл аймағы кеңейіп, жаңадан қоныстанғандар баршылық. Халық санының артуына байланысты ауылда электр сымдарын жанарту, жол салу мәселелері туындайды. Дегенмен бұл жұмыстар уақытылы іске асуда.

Атап айтсақ, Талсуаттағы 8 көшені асфальттауға және 13 көшеге талапқа сай электр желілерін жүргізуге жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджетке өтінім жасалған.

Сонымен қатар тұрғындар өтінішіне сәйкес мұнда мәдениет үйінің құрылысы басталғаны белгілі. Қазіргі таңда құрылыс қарқынды жүруде. Клуб келер жылдың бірінші тоқсанында ел игілігіне пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Өз сауалдарына жауап алған талсуаттықтар қала әкіміне рахмет айтты.



**АҚСУАТ: КӨПТЕН КҮТКЕН ГАЗ КЕЛЕДІ**



Алптан жұмасында қала әкімі Асылбек Шаменов Ақсуат ауылының тұрғындарымен кездесті. Бұл ауылдық округте айшықты істер бар. Соның бірі – ауылға газ тарту. Газ тарту жұмыстары өткен жылы басталған.

«Ақсуат ауылдық округінің тұрғындары алдағы жыл басынан бастап «көгілдір отынға» қосылады». Қала әкімі бүгінгі кездесуде тұрғындарға осы жаңалықты айтып қуантты.

– Ауылымыздың жағдайы жақсы. Халық шүкір деу қажет. Елдің күткені – газ. Қала әкімі кездесуде 2023 жылдың басында ауылға газ берілетінін айтты. Тұрғындар қуанып жүр. Халық үшін игі жобалар жүзеге асып жатқанына қуаныштымыз, – дейді ауыл тұрғындары.

Қазіргі таңда мұнда жаңадан қоныс аударғандар көп. Сондықтан да инфрақұрылым мәселесі назардан түспей тұр. Жаңадан көше қосылғандықтан жол мен жарықтан қиындық болады. Осыған орай алдағы уақытта 4 көшеге асфальт түсіп, ауылдағы барлық көшенің электр желілері мен қосалқы станциялары қайта жаңғыртылады.

Қала әкімі кездесуде тұрғындарды маңызды мәселелерді шешу жолында бірлесу жұмыс істеуге шақырды.

Сонымен қатар жеке кәсіпкердің өз қаражаты есебінен спорт кешені бой көтеріп, балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалады.

– Еліміз бір орында тұрмайды, дамып келеді. Бірте-бірте барлық мәселелер шешіледі. Шешілмейтін мәселе жоқ, сондықтан сіздердің барлық өтініштеріңіз бен тілектеріңіз мұқият зерттеліп, жауапсыз қалмайды. Берекелі бастамалар сәтті жүзеге асып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға қол жеткізіледі, – деп қорытындылады қала әкімі.

**«БЕРІЛГЕН УӘДЕ, АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫС ОРЫНДАЛУ КЕРЕК»**

Қала әкімі Асылбек Шаменовтің жергілікті тұрғындарымен кездесуі жалғасуда. Шаһар басшысы бүгін №101 мектеп-лицейінде тұрғындармен кездесіп, өтініш тілектерін тыңдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында жергілікті билік өкілдері тұрғындарға әр тоқсан сайын жолығып, есеп беру керектігін жүктеген. Осыған орай билік өкілдері бұқара базанысын тыңдап, әр мәселені жіті қарап, оң шешімін табу жолдарын қарастыруда. Әлеуметтің әлеуетін арттыруда қажетті шаралар уақытылы қабылдануы қажет. Осы үдені мақсат тұтқан Асылбек Өмірбекұлы кездесуде алдымен облыс орталығында атқарылып жатқан ілімді істерге тоқталып өтіп, болашақта жасалатын жобаларын айтып өтті.

– Жасалған жұмыс жүрт игілігі үшін. Көпшілік тұтынатын дүние кемшін болмау керек. Халық көңілі таразы. Мен үнемі осыны айтып отырамын. Сырдың бас қаласы жыл өткен сайын жаңыру керек. Барлығы талапқа сай болуы маңызды. «С бітті, қу кетті» дегеннен ешкім ұтпайды. Бөрінің сұрауы бар. Қаламызда жаңадан мөлтек аудандар бой көтеруде. «Анаға тағзым» орталығы, жана әуежай, «Өнер орталығы», «Неке сарайы» секілді әлеуметтік нысандар қатары жыл сайын арта түседі. Күн тәртібіндегі өзекті мәселе қоғамдық қолқ қатынасы аймақ басшысы



Нұрлыбек Машбекулының тікелей бақылауында. Жоспардағы жұмыстар легі осылай атқарыла бермек. Биыл қала орталығында 51 көше асфальттанды. Халық тұрмысын жақсарту біздің басты мақсатымыз, – деді қала әкімі.

Кездесуде қала тұрғыны Алпысбай Шүкіров сөз алып, ұсыныс тілегін жеткізді.

– «Сыр елі – жыр елі» деген қанатты сөз біздің өлкеге арналып айтылған айдарымыз секілді. Ал бірақ жергілікті ақын-жазушылардың суреттері мен шығармаларын аядалмаларға көбірек орналастырса. Сол жағалаудағы музейді кеңейткен жөн секілді. Осыған назар салсаңыз. Музей құнды жәдігерлер сақтайтын орын, – деді өз сөзінде.

Басы 1-бетте

тапсырма беріліп, жақын арада есеп алатынын айтты.

Сонымен қатар Астана шағын ауданындағы орналасқан «Жастар үйі» тұрғындары алі күнге «көгілдір отын» кіргізілмегенін айтып, көмек сұрады.

Бұған байланысты қала әкімі биыл жазда қаржы бөлінгенін жеткізді.

Сонымен қатар кездесуде жол, жарық, аяқ су тарту мәселері айтылып, оған тұшымды жауаптар берілді.

Осы мақсаттағы кездесу келер жылы да жалғасатыны айтылды. Бұл «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасының орындалып жатқанының көрсеткіші.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ, Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

**ОҢАЙ ЖЕРДЕ АҚША ЖОҚ НЕМЕСЕ АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ АЛДАЙДЫ?**



Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті тергеу басқармасының басшысы Ерлан Қасқырбайұлының айтуынша, заңсыз қаржы пирамидаларын әшкерелеуге ұзақ уақыт жұмсалды екен.

– Заңсыз қаржы пирамидаларына алданып қалған адамдар түрлі себеппен арызданудан, тергеуге келіп жауап беруден бас тарттады. Ал пирамида дегеніңіз бұл тізбек! Тізбек үзілген соң әрі қарай тергеу әрекеттерін жүргізу қиындай түседі. Мысалы, 2020 жылы Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті «B2B Jewelry» зергерлік дүкендер желісінің атын жамылған қаржы пирамидасының қызметін ұйымдастыруға қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастады. Бұл пирамидаға

цифрлық даму, инновация және аэрокосмостық өндіріс министрлігінің сарапшылар тобы күмәнді сайттарды және сілтемелерді бұғаттау бойынша жұмыс жүргізеді. Жыл басынан бері департамент мамандары қаржы пирамидасы белгісі бар 549 сайт дерегін осы эксперттерге жолдаған. Олардың 22-сі бұғатталып, 68-ін сарапшылар зерттеуде. 385 сайтты бұғаттап үлгерген, – дейді Ерлан Қасқырбайұлы.

**ИНТЕРНЕТ АЛАЯҒЫНАН ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК?**

Бүгінде қаржылық алаяқтықтың кең тараған түрі – интернет арқылы алдау. Цифрлы әлемнің қыр-сырын түсіне бермейтін көпшілік нені ескеру керек? Мамандар кеңесіне құлақ түрсең, интернеттегі қаржылық алаяқтықтың мына түрлері жиі кездеседі екен:

– Интернет арқылы сатып алу. Сатушы жалған немесе жарамсыз жеке куәлікті қолдана отырып, ақша аударымдары жүйесі арқылы тауарды төлеуді сұрайды. Ақша алған кезде ол жоғалады.

– Жұлдызнама құрастыру. Пайдаланушыға сауалнаманы толтыру ұсынылады, содан кейін электрондық поштаға жұлдыз жорамалының өзі емес, көрсетілген нөмірге SMS-хабарлама жіберу туралы хат жіберіледі. Мұндай хабарламаның құны бірнеше жүз теңге болуы мүмкін.

– Тіркеме ретінде жасарылған вирус тіркелген төлем жүйелерінің хаттары – файл немесе сілтеме. Оның міндеті – төлем жүйелеріндегі сіздің шоттарыңыз және банк карталарының деректері туралы деректерді жинау.

– Нигерия сюжеттері. Африка елінің әлдебір жоғары лауазымды адамы айтарлықтай ақша сомасын шығару үшін пайыздық төлем беремін деп көмек сұрайды. Бұл ретте клиент өзінің алданып қалғанын түсінгенше, клиенттен аударымды рәсімдеу және басқа да іс-әрекеттер үшін болмашы сомаларды аударуды сұрайды.

Мұндай алаяқтықтан қорғану үшін хаттардағы сілтеме бойынша төлем жүйелерінің сайттарын ашпау қажет, мекенжай жолағындағы URL мекенжайын тексеріп, сілтеменің қайда апаратынын қарау маңызды. Сілтеме сенімді болып көрінсе де, мекенжайларды ұйымдардың ресми сайттарының домендік атауларымен тексеріңіз.

– Интернет арқылы сауда жасау кезінде жеке банктік картаны және тек тексерілген сайттарды ғана пайдаланған жөн.

– Құпиясызді хабарламаңыз, оларды тек төлем жүйелерінің сайттарында енгізіңіз.

– Құпия ақпараты бар файлдарды қолжетімді немесе сенімсіз ақпарат көзіне сақтамаңыз және олардың бірнеше көшірмесін жасап отырыңыз.

– Қашықтан жұмысқа орналасу кезінде ешқандай жарна төлемейсіз.

– Өзіңіздің де, туыстарыңыздың да компьютеріне антивирус орнатыңыз.

**Қаржы пирамидаларын әшкерелеудің күрделілігіне байланысты, еліміздің құқық қорғау органдарымен келісім негізінде Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновация және аэрокосмостық өндіріс министрлігінің сарапшылар тобы күмәнді сайттарды және сілтемелерді бұғаттау бойынша жұмыс жүргізеді. Жыл басынан бері департамент мамандары қаржы пирамидасы белгісі бар 549 сайт дерегін осы эксперттерге жолдаған. Олардың 22-сі бұғатталып, 68-ін сарапшылар зерттеуде. 385 сайтты бұғаттап үлгерген.**

**Кейбіреулер жұмыс істемей, маңдай терлетпей, жылдам ақша тауып, тез баоды мақсат тұтады. Ал алаяқтар мұны өте жақсы түсінеді және адамдардың әлсіз психологиясы мен қаржылық сауатының төмендігін пайдаланады. Қаржы алаяқтығына қатысты істің анықталуы қиын, тергеу ісі ұзақ мерзімді талап етеді. Оған тез арада ізін жасырып үлгеретін «жалған фирмаларды» табудың күрделілігін қосыңыз. Байқасаңыз, бұл заңсыздықтың тоқтамауы және нәтижесінің біз күткендей болмауы адамдардың әрекетіне байланысты. Соңғы 2 жылда қаржы пирамидасы мен интернет алаяқтыққа ұрыну фактілері көптеп тіркелуде. Өңірде әртүрлі пирамидалар мен алаяқ сайттарға кіріп кетіп, қаражатын жоғалтқан азаматтар жүздеп саналады.**

қаржысын салған 150-ге тарта қызылордалық салымшы анықталды. Арызданғандар саны одан үш есе аз, олардың арызы сол іске біріктірілді. Алайда көбі тергеу барысында өз арыздарынан бас тартты. Ол істің тергеуі өткен жылы аяқталып, жақында сот шешімі шықты. «197 салымшыға 123 миллион теңге қайтарылды» деген ақпарат жарияланған соң сол салымшылар қайта арыздану үшін келіп жатыр. Бұл іс бойынша арызданып, өз оқиғаларын түсіндірген жандар бойынша жеке талдау жасап көргенбіз. Оңай олжаға кенелуді ойлайтын адамдардың жасы да, кәсібі мен қызметі де сан алуан. 20 жастағы жігіт те, 64 жастағы қария да осы тізімнен табылады. Көлемді қаражатын салғандар қатарында мұғалім де, дәрігер де, кәсіпкер де, зейнеткер де жүр. Тіпті лауазымды тұлғалар да бар. Өкініштісі, көбі «жақындарым білмей-ақ қойсың», «құрысын, зуре болып жүрер уақытым жоқ» деген желеумен жарты жолдан жауабынан тайқып кетеді, – дейді департаменттің тергеу басқармасының басшысы.

**ТЕЗ БАЙЫҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР ТҰЗАҚҚА ОҢАЙ ТҮСЕДІ**

Мамандардың пікірінше, заңсыз қаржы пирамидасын құрған алаяқтар адам психологиясын жетік меңгерген. Олар оңай жолмен ақша тауып, бір-ақ күнде байып кеткісі келетін адамдарды тұзаққа оңай түсіреді. Аз уақыт ішінде байып шыға келесің деген секілді кеңес кімге жақпасын?!

– Кейбіреулер жұмыс істемей, маңдай терлетпей, жылдам ақша тауып, тез баоды мақсат тұтады. Ал алаяқтар мұны өте жақсы түсінеді және адамдардың әлсіз психологиясы мен қаржылық сауатының төмендігін пайдаланады. Қаржы алаяқтығына қатысты істің анықталуы қиын, тергеу ісі ұзақ мерзімді талап етеді. Оған тез арада ізін жасырып үлгеретін «жалған фирмаларды» табудың күрделілігін қосыңыз. Байқасаңыз, бұл заңсыздықтың тоқтамауы және нәтижесінің біз күткендей болмауы адамдардың әрекетіне байланысты. Соңғы 2 жылда қаржы пирамидасы мен интернет алаяқтыққа ұрыну фактілері көптеп тіркелуде. Өңірде әртүрлі пирамидалар мен алаяқ сайттарға кіріп кетіп, қаражатын жоғалтқан азаматтар жүздеп саналады. Тіркілген 2 қылмыстық іс тергелуде.

Қаржы пирамидаларын әшкерелеудің күрделілігіне байланысты, еліміздің құқық қорғау органдарымен келісім негізінде Қазақстан Республикасының

Басы 1-бетте

P.S. Күн сайын жаңалықтан алаяқтардың әшкереленгенін немесе алаяқ алданғандар туралы жана бір ақпарат оқытынымыз шындық. Демек, қаржы сауаттылығы – өзекті мәселе.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

# АҚСАУСАҚ БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?



«Ақсаузақ бала қайдан шығады?» деген сұрақты көпшілікке қойдық. Бұл тақырып біраз жұртты алаңдатынын байқадық. Себебі жауап бергендер көп болды.

## Гүлмария Бакирова, көпбалалы ана:

«Ата-ана тарапынан болатын шектен тыс қамқорлық баланы ерішшек етеді. Қазіргі уақытта баланы жұмсамайтын бар. Баласы үшін барлығы өздері жасай салады. Еңбекке баланы баулу артта қалып бара жатқан секілді. Балалардың құлшыныстары да жоқ. Бүгінгі балалары ақ саусақ. Қолдарында телефон. «Телефон арқылы ақша табамыз» деген түсінік қалыптасқан. Ауыр жұмыс істегісі келмейді. «Ауырдың астымен», жеңілдің үстімен» жүруді үйренген. Отын жарып, даланы жұмысын істеп жатқан бала көрмейміз. Сондықтан ұл баланы еңбеккер етіп тәрбиелеу керек. Барлығы тәрбиеге байланысты. Ер жігітке отбасын асырауды, анаға, әйелге қолғабыс етуді жастайынан үйрету білу – ата-ананың міндеті. Мектептен кейін үйдің шаруасына үйрету қажет.

## Аманжан Петідаев, Сырдария ауданы, Бесарық ауылының тұрғыны:

«Қазір, ақсаузақ бала көп. Қазіргілер қара жұмыс Басы 1-бетте

## ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ...

...Бүгінгі таң мен үшін ерекше. Себебі бүгін 4 шілде. Жаз. Демалыс. Қораздың кикуынан да бұрын тұрып алған мен даладағы мұздай суға жуынып алдым. Енді таңғы ас ішу керек. Содан кейін ұзақ уақыт күткен шаруаға аттанамын. Жалғыз емес, әжеммен бірге барамыз.

Төрте отырған әжем кеселдей шайын асықпай ішіп отыр екен. Мен де дастархан басына отыра салып, жеңгем қуырған жұмыртқа мен сепаратордан жаңа шыққан қаймақты нанға жағып жеп алдым. Тамаққа тойып алсаң жаяу жүру қиындайтынның білмеймін. Дастархан басында малға шөп, үйге керек-жарақ алу туралы әңгіме өрбиде. Бірақ маған оның біреуі де қызық емес. Таңғы асымды ішіп болғанымды байқаған жеңгем: «Болсаң киіне бер, әйтпесе үлгермей қаласың», – деген соң атып тұрып, үйге кірдім.

# БАЛАЛЫҚТЫҢ БАҚЫТТЫ БІР КҮНІ

Үш ай демалыс түгелдей әжеңің үйінде өтетіндіктен бұрынғыша киімдерім сөмкеде емес, кәдімгі шафтың бір бұрышынан арнайы берілген орында жиналып тұр. Шешемнің көшеге киегін деп көрсетіп кеткен киімдерінің ішінен ең әдемісін, «Бәтменнің» суреті бар жейдемі алдым. Құлды бір қалаға баратындай сәнденіп жатырмын. Әйтпесе баратын жерім осы ауылдың іші ғой. Не де болса шыттай боп киініп, далаға шықтым. Су жаңа сандалімді киіп, аулада әрлі-берлі жүрдім. Уақыт өткізіп ойынан десен болмайды, киімді бүлдіріп аламын. Аулазы шамалы айналшықтап, үйдің төбесіне бүгін ғана жайылған құрттың біреуін аузыма салып жібердім. Кеппеген құртты тауысқан соң ұртымды жуып, «қылымысты» жасырдым да әжеме: «Түф, әже, тездетіші», – дедім. Ол да міне, міне, дегендей көзбен ымдап, піскен тарысын ылдым-жылдым жеп жатыр. Сон соң ол да «әй-әй» киімін киюге үйге кіріп кетті.

Арада аз уақыт өткен соң әжем де шықты. Бүгін ол да ең әдемі деген киімдерін киген. Үстіне өткен айда алыс жасқа толғанда Алматыдағы қызы сыйлаған әдемі ақ көйлегі. Өткенде құдалыққа барғанда жаңа құдалардың жалпан әдемі өрнегі бар қызыл кәжекей. Оның үстіне баласын көкке көтеріп тұрған анының суреті бейнеленген алтын алкасы да жалт-жұлт етеді.

гиялардан алуа. Оларға көңіл бөлетін ата-ана жоқтың қасы. Ата-ана баланы еңбеккер етуге жауапты болуы қажет. Ерте бастан қызды да, ұлды да жұмсау керек. Еңбек еткен адамның әрқашан берекесі мол болатынын түсіндіріп отыруға тиістіміз.

Көпшіліктің пікірі баланы ақсаузақ болып өсуіне ата-ана тікелей жауапты дегенге сай келді. Ал психологтардың пікіріне сүйенсек, қоғамда қыз мінезді ақсаузақ жігіттердің пайда болуына жалғызбасты аналардың артуы да әсер етеді. Қазіргі уақытта елімізде шаңырақ шайқалып, ажырасу көбейген. Мұндай жағдайда бала анасының қамқорлығында қалады. Әке көрмеген ұл балалар өмірде көптеген мәселелерді анасына елктеп, сол секілді шешуді әдетке айналдырады. Мұндай баланың таным, талғамы да басқаша қалыптасалды.

Демек, «Үяде не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бала отбасында қандай тәрбие алса, болашақ өмірі де солай жалғасады. Олай болса, бала тәрбиесіне мән берейік. «Бала тәрбиесі бесіктен» деп тегін айтылмаған. Оларды өмірге икемді етіп тәрбиелеу, еңбекке баулуға ересектердің араласып отыруы жөн. Адам бақыттының кілті – еңбекте екенін әрбір жас ұғына білу қажет.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған қошет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылған. Түсіне білген адамға бұл сөз де терең мағына жатыр. Яғни баланы саби кезінен қолға алсақ, оларға көп тәрбие берген болар едік.

## Айтолқын АЙТЖАНОВА



## Шығармашылық кешің қалай өтті, ойыңнан шықты ма?

– Шығармашылық кештің қалай өткенін сол кешке келген көрерменнен, ойлы оқырманнан сұрау керек шығар. Кеш барысында көптен қиялымыда жүрген кескіндемелермен кезіге алдым. Бір арманым орындалғандай!

## – Не себепті кешіңді «Шер» деп атадың?

– Қалагер ретінде өзіңіз толық сезінісіз деп ойлаймын. Шығармашылықтың, әсіресе, әдебиеттің айналасында тұрмыр кешетін адамдың әрі артықшылығы, әрі кеселі – ішкі ой, ішкі толғанғыс. Ойы орныққан сөз ұстаушы көзімен көргенді, санасымен түйсінгенді қаламына қондырады. Бұл – өте ұзақ процесс. Кей дүниелер осы ұзақ процестен де ұзағырақ әсер етіп, ішкі шеріне, ішкі зарына айналып кетуі мүмкін. Менің де ішкідегі ойлардың булығып жүргеніне біраз уақыт, соны тарқатқым келді. Сол арманымның ақиқатқа айналуына сеп болып, кешті кәсіби деңгейде ұйымдастырған режиссер, ҚР Мәдениет саласының үздігі Ә.Іздікұловаға, Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры және жастар мен студенттер театрының актерларына, облыстық және республикадағы белсенді мәдени ұжымдарға, сонымен бірге төркімен табылған Сыр халқына құрметті ақын, академик, Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып пен Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықоваға, қазақ руханиятының ірі өкілдеріне, шығармашылығымның жанашырларына арнайы алғысымды білдіремін.

## СҰХБАТ

# МАҚСАТТЫҢ ШЕРІ

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Мақсат Дауылбай өлеңіне өз қолтаңбасымен келген өрен. Жұртқа «Шер» атты шығармашылық кешін өткізіп, Сыр жазылымына өз өлеңдерін ұсынды. Осы орайда өнер несімен жүздесіп, аз-кем сұхбаттасқан едік.

## – Ақындық кімнен дарыған қасиет?

– Адам сөз өнеріне бас сұққанда, алдында үлкен таңдау тұрады деп ойлаймын, ол – поэзия жолы немесе проза немесе драма бағыты. Санасында саңылауы бар адам сол жолдың бірін таңдау керектігін өзі-ақ түсінеді. Маған мектепте әдебиет пәнінен сабақ берген ұстазым Жұмаш Балғожаева бәрінен өленді биік қоятын. Тармақтарды торттағанда содан басталды деп ойлаймын. Ал оны дамытуға әдеби білім мен әдеби орта және оқырман талғамы әсер етті.

## – Устазың кім?

– Қазақ руханиятына, әлем әдебиетіне дұрыс өлең жазып, қалдырған ақындардың бәрін өзіме ұстаз көремін. Кімнің поэзиясында жалқы емес, жалпы мәселе бар, кімнің поэзиясы молдир, кімнің поэзиясы тұнық, кімнің поэзиясы ақиқатшыл, сол маған бәрінен биік.

## – Жасыратыны жоқ, жас толқанның көпшілігінің өлеңдері өмірге өткен шақта қарау. Мұның сыры неде?

– Ешқандай жағдайда да ақын сезіміне араласпау керек, ой қоспау керек деп ойлаймын. Өйткені жағдайда ол шынайылығы жоғалтады. Ол солай ойлап, солай ұғынғаны үшін ешқашан ақталмауы керек. Бұл – бірінші. Екіншіден, қазір оқырман талабы басқаша. Бұрын адамзат шұқтығы биік талғамдардың айналасына ой тоғыстырды, сойтып, бір сарындағы классикалық өнер түрлері қалыптасып, өрістеді. Қазір өзгешелік... өлеңсүйер қауымның сұранысы сан түрлі. Біріне бүгінгі өлеңдер ұнауы мүмкін, біріне кешелен жазылған жыр жақынырақ болуы мүмкін. Біз мына нәрсені ұмытпауымыз керек, ошақты түзу ұстайтын

Бақас тірлік, бабы – шең, бағы – пұл сұм, Бұлай атқан тірліктің таңы құрсын!.. Мұмкін былай: «Өзеуріп есті біткен, Жүйрік қалсын! Мәреге жабы кірсін...» – деген қарғыс тиген бе ғаламға осы?.. О, замана, бейнен де, баған да осы... Қай қорымға көмділ әділдік пен, Адалдықтың ақ семсері, ақ алмасы?..

Кежір қылық, көр өре, теріс пұғыл, Оңды-солды өтірік өрістей жүр! Жұтан кезен: Бітпесес дұшпанды қой, Достың күні өтпейді керіспей бір...

Шекпен жарыс, адамнан тайған арман, Бұл пұғылды пенделер қайдан алған?.. Естілер жүр жығылып, жылап-сықтап, Аяқ алып жүре алмай айдалардан!..

Құлақтарда бос үндеу, бос ұрандар, Жанның көбі жігерсіз, жасығандар!.. Жасамыстың көбісі сұрап алған, Мағынасыз мақтауға тасығандар!..

Шаман жетсе жатпаңба, бас күменді, (Тастығымен жеңеді тас бұларды!) Жал тірлікті боп жүрген «ең жаманы» Жақсыларды аяймын, жақсыларды!..

Қашан?! Қашан бітеді күндік ырбаң?! Жалықтырды жоралар мың құбылған... Шыж-быжымнан әме-ау, шыр-шыр еткен Шыңдығыман қорқамын, шыңдығыман!..

Осы күні боп жүрмін жарылардай, Пенделікке кезігем тағы қандай?! Жеті жұртқа не болды сабырлардай, Жеті жұртқа не болды қағынардай?..

Біреулер жүр жауырды жаба тоқып, Біреулер жүр әбзелден қала тетік... (Хакикатты жаныма жалау қылып, Ақиқатты көрсем бе азат етіп...)

Ынтымақтан төрге озып бұрын ылаң, Татулықтың сән кетті тұңғынан... Өтірігі өлмейтін мына қауым, Қаймықпай ма шыңдықтың шырылынан?..

«Ақыласың» арыға бейімділер, Дабыршыл азуға дейінгілер! Бұдырамай қореді қашан қоғам, Құдырамай өледі қашан адам, Қашан қамсыз күледі кейінгілер?!

## Мақсат ДАУЫЛБАЙ

соң әжелерімен еріп келгендер сыртқа шығып ойнап аламыз. Әлсіз-әлсіз шайтанбарбасымен асығып келген шалдар іштегі кемпірлердің кезегін көріп жүрсін, ертеңі күннен үміттеніп кері қайтасын.

Жүгіріп-секіріп ойнап жүргенде «Балам» деп айқайлаған дауысын естіп жетіп барамын. Достармен қоштасуға да уақыт жоқ. Құлды бір кешігіп қалсаң әжем тастан кететіндей. Көжекейің қалтасы томпағанын байқап бәрі ойдағыдай екенін түсінемін. «Төретайдың дүкеніне барамыз. Сол жерден керегінді аларсың. Мен де қарызымнан құтылып кетейін», – дейді әжем. Оған қарсылық білдіретін немесе ұсыныс айтатын жағдай жоқ. Іштей істің ілгері басып келе жатқанын түсініп, дүкенге қарай асығамын. Бұл жолы әжемнің қолынан сүйреп қолына есептегішін алып тарс-тарс басып, мен санай алмайтын сандарды қосып жатыр. Бұл кездегі менің миссиям – өзіме керек заттарды көзбен жинақтай беру. Дүкеннің қол ортасында орналасқан азық-түліктің арасынан сағыз, балмұздақ, чипсы, сок іздеймін. Өткенде кілем жуарда жеңгем кір сабынға жұмсаған. Сол кезде мен дүкеннің ішін көзбен сүзіп шығып, тізімді жасап алған едім. Енді сол заттарды тағы бір жинақтап алу керек. Тәттілерімді тапқан соң оң жаққа қарай ығысамын. Бұл жерде киімнен бастап ойыншыққа дейінгі заттар орналасқан. Мен көрген көк машина әлі тұр екен. Бағасы да қымбат еместі сияқты. Ал сол жақ бұрышта жеңгем тапсырып жіберген балаларға арналған тіс жуатын паста ғана. Осылай көзбен түгендеп тұрғанда әжем де қарызын төлеп болған екен.



«Ал не аласың?», – деген сөзінен кейін аздап ұялғандай болып кідірдім де тізімдегі заттарды жаудырдым келіп. Дүкенші «Мынау ма?» – деп сұраған сайын әжеме жалтақтап, қарсы еместігің түсінемін де «Иә» деймін тақылдап. Барлық затымды сатушы апай пакетке бір-бірлеп салып, тағы да с а т а у с а н а й б а с т а й д ы. Е н д і

әжемнің кезегі. Кішкентай блокнотына жазылған заттарын айтып, алып жатыр.

Сол сәтте дүкенге Құланда кемпір келді. Ол да бүгін зейнетақысын алған. Оның да үйінде бүгін шайын той. Шаптаққа келген ол әжеме амандасты да маған қарап «Әй, бала, алатын затыңды алып болсаң үйге бара берсеңші. Әженді әбден қарызға батырдың ғой», – дейді өз айтқанын жұмсап жатқандай. «Мұнымен шаруа бөксе үйге бағана шауым кетпеймін бе? Дүкенде күтіп тұрсаң себебі болғаны ғой. Қазір әжеме бірге дүкеннен шықпаймын ба?». Үйге жетпей жатып әжеме тоқтатып: «Мә, ешкімге көрсетпе. Жоғалтып алма», – деп бүкіл әлемнің балаларына жар салғым келетіндей.

...Күбірлеген дауыстан оянып кеттім. Демалыста әжеме барған мен ортаңғы бөлмеде ұйықтап жатқаным. Жартылай көзімді ашып әжемнің 10 жастағы немересін оятып жатқанын көзім шалды. Иә, бүгін айдың басы. Зейнетақы алған күн. Бақытты күнді бастан кешетін інім үшін іштей қуанып: «Тұр-тұр, әже зейнетақысын алуға бара жатыр», – деп түрткіп оятып та қоямын. Інімнің де бұл сәтті ұзақ күткені көрініп тұр, атып тұрды. Дүние алма-кезек. Он жыл бұрынғы мен басымнан өткерген бақытты күндерді енді міне, інім өткеріп жүр. «Бақытты балалар да, сол балаларды бақытты ететін әжелер де аман жүрсіңші», – деп таңғы тілегімді іштей күбірлеп айттым да қайта ұйқыға кеттім.

Аслаң НУРАЗҒАЛИИ  
Сурет ашық дереккөзден алынды